«Ел болмын десең...»

АТАЖҰРТҚА АТ БАЙЛА

Халқымызда "Елге ел қосылса құт қонады" деген аталы сөз бар. Өз Отанына келіп жеңілген қалған қандастарымыздың қуанышы мен сүйінішін көріп риза болып қаласың. Бұл жатты да жақын тартып, бауырына сыйдырып әкететін қазақ деген халықтың таза қасиеті деп білсек, енді бір жағынан қара орман халқын осы бір күнге бастап жеткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі екенін айта кету артық болмас.

«Ел іші – алтын бесік» деген гой. Осы тәмсіл сөз бүгінгі таңда жан-жақтан көш түзеген қандастарымыздың көкейіне берік орныққан. Еліміздегі көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша мәліметіне сүйенсек, Жетісу жеріне 1991 – 2009 жылдар аралығында алыс және жақын шет елдерден 116125 адамды құрайтын 35732 оралман отбасы көшіп келіп, қоныстанған. Олар негізінен Қытай, Моңғолия, Түркіменстан, Ресей, Қырғызстан және Түркия мемлекеттерінен оралса, біразы Тәжікстан, Иран, Ауғанстан, ТМД елдері мен алыс шет елдерден көшіп келген. Өңірімізге оралған қандастарымыздың басым көпшілігі облысымыздың Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Талғар, Ескелді, Көкөз, Ақсу, Саркан аудандары мен Талдықорған қаласының аумағына шоғырлана қоныстанып, өз тіршіліктеріне тың жол тапқан. Әрине, бұл ретте атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік.

Қазет АҢДАС,
«Жетісу»



Алайда, бар мен жоқ таразының екі басындағы нәрсе. Сондықтан барымыздың бағасын асырып, жоғымызды түгендесек, ешқашан ұтылмайтынымыз анық. Осы орайда, облыстық «Жетісу» газеті ұлы көш басталғаннан бері елге оралғандардың мәселесін назардан тыс қалдырып көрген емес. Тіпті, көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің өкілдерімен жыл сайын кездесулер ұйымдастырып, иірілі көш төңірегіндегі толғақты ойларды қаузап, оның сәтті шешілуіне мұрындық болып келеді. Осы ретте, облыстың көші-қон департаментінің директоры Жұмағали Әлібаев және оның орынбасары Құрметбек Сансызбайұлы, департаменттің жетекші маманы Гүлшара Қоңыртаеваның қатысуымен тағы бір маңызды кездесу өтті. Аталған шараны «Жетісу» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Әміре Әрін ашып, жүргізіп отырды.

Әміре ӘРІН:

– Әңгімемізді бастаудан ілгері, Жүке, сіздің маңызды қызметке тағайындалғаныңызды журналистердің атынан құттықтай кетуге рұқсат етіңіз. Өйткені, төртқұл дүниеге тарыдай шашылған қандастарымыздың басын бір дастарқанның айналасына жинап, ел ішегін бекітіп жатқан кезде маңызды мекеменің басына сіз сияқты көргені мен түйгені, білімі мен білігі ұштасқан басшының келуі ел үшін де, елеулі жұмыстардың атқарылуы үшін де өте орынды болды. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, жұмысыңыз жемісті болсын дейміз. Ал, енді бүгінгі басқосын отырған «Жетісу» газеті қазақ баспасөзінің ағасы басылымы екенін айтпасақ та, ел біледі. Енді бір жағынан, басылымымыз қоғамдық-саяси газет болғандықтан өңірімізде атқарылып жатқан тыңғылықты жұмыстармен тұрғындарды уақытында хабардар етумен бірге, көші-қон тақырыбына да жиі-жиі қалам тербеп отырамыз. Өздеріңіз білесіздер, алғашқы көш өткен ғасырдың алпысыншы жылдары басталғанда сол лекпен бірге елге жеткен бірталай ағаларымыз осы газеттің шекпенінен шықса, қазір де қытай елінен оралған бауырымыз Қажет Аңдасты қатарымызға тартып, болашағына жол аштық. Бұл ағаға басылымның оңды ісі деуге болады. Әрине, көштің жолы жеңіл емес. Елбасы өз жерінде азшылыққа ұрынған қазақты көбейту үшін, сыртта жүрген ағайындардың өз Отанында еркін өмір сүру үшін талай шаруаның басын қайырды. Десе де, шетте оралған ағайындардың пайым, түсінігі, тіпті, көзқарас жағынан да сәйкес келе бермейтін жақтары бар. Тәжетімізге қандастарымыздан жиі-жиі хаттар түсіп жатады. Бір байқағанымыз, шеттегі бауырлар қазақ елін, қазақ жұртын арқа тұтады, қорған көреді. Үмітпен қарайды. Рухы жұтап қалғандары болмаса, өздері де қарап қалған жоқ. Тілі мен ділінен айырылып қалмаудың қам-қарекетінде. Десе де, елге оралу үшін де талай есікті тоздырып, қолындағысын қағып барып, құжаттарын реттейтін жайттар ұшырасатын көрінеді. Тағы бір жағынан, олар Қазақстанға келгеннен кейін берілетін «квотаға» сенім артып көш түзегенімен, мұнда келген соң квота ала алмай, тіпті, басқалардың алдауына түсіп кететін жағдай да бар сияқты.

Жұмағали ӘЛІБАЕВ:

– Бір кездері квота мәселесіне қатысты келеңсіз жайттар болғаны анық. Алайда, біздің облысымызға Республика бойынша квота ең көп мөлшерде бөлінеді. Өткені, шеттен келгендердің дені осы өңірге тұрақтағысы келеді. Өткен жылы Алматы облысы бойынша төрт мың отбасына квота бөлініп, 3914 отбасы оны толық алды. Ал қалғандары құжаттарының дұрыс болмағандығы себепті 2010 жылдың еншісіне қалып отыр. Осы мақсатта, департамент 20 кездесу, 3 «дөңгелек үстел» өткізіп, оралмандардың квота алуда туындайтын мәселелерін жүйелі шешіп отырдық. Сонымен бірге «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының аудан, қалаларда өткізген көшпелі қабылдауында Алакөл, Саркан, Ақсу, Еңбекшіқазақ, Балқаш, Көксу аудандарындағы 148 оралман отбасының өтініш-тілектері қанағаттандырылған. Оның сыртында көшіп келу квотасынан тыс келген қандастарымызға әлеуметтік қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңдарына сәйкес, зейнетақы төлеу, мүгедектігі бойынша асыраушысынан айырылған жағдайда берілетін мемлекеттік жәрдемақылары төленіп, бірден жағдай жасалған. Сонымен бірге, облыстық әкімдік, жергілікті атқару органдары оралмандарға жер телімін беру, несие беру жұмыстарын мүмкіндігінше тиянақты түрде жүзеге асыруда.

Бір атап айта кетерлігі, қалалар мен аудандардың көпшілігінде мектеп жасындағы балаларға аудандық білім бөлімі, тағы басқа тараптардан материалдық (соның ішінде оқу құралдары, киім-кешек, балалардың жазғы демалыс лагеріне баруына т.б.) мәселелер айқындалмаған. Сондай-ақ, көші-қон квотасын алар кезде көші-қон полициясы тарапынан (Қазақстан Республикасының азаматтығына құжат тапсырғаны туралы анықтама) көп кедергі кездесетіні жасырын емес.

Алайда, жағымды жағдайлармен бірге ағайынға айтар базынамыз да жоқ емес. Осындай істердің бірі – оралмандардың Қазақстан Республикасының азаматтығы мен көшіп келу квотасын алу ортасында туындап жататын қайшылықты мәселелер. Аталмыш Заңның 14-бабының 4-тармақшасында "Оралман мәртебесі Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін тоқтатылады", – деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының азаматтығын алу осы елде тұрақты тұруды мақсат еткен адамдардың орындауға тиісті борышы саналады. Себебі, әр елдің заңы сол елде тұрып жатқан адамдардың өмір сүру жағдайына негізделіп жасалады. Қазір еліміз әркенеткке бет алып, экономика тұрақтанды, ел дамудың сара жолына қадам басты. Еңбекақы, түрлі төлемақы, зейнетақы мөлшері жылдан жылға артып келеді. Десе де, бұл жақсы жағдайлардан осы елдің азаматтығында жоқ адамдардың қағылып қалатынын жасыра алмаймыз. Ал жұмыс орындары күн сайын ашылып, өркен жайып келеді. Азаматтығы жоқ адамдардың бұл мүмкіндікке, яғни, жұмысқа түру жағынан тыскары қалатынын да айта кету керек. Ашығын айтқанда, көптеген оралман бауырлар көші-қон квотасын алу үшін азаматтығы шығып тұрса да уақытында алып, өзіне берілген жеңілдіктерді игілікте алмай келеді. Себебі, жұмыс жүргізудің қазет екендігін айта кеткен жөн. Оның үстіне шеттен келгендердің дені тіл мен жазудан қиналатындықтан керекті құжаттарын тізімін жасап, оны толтырудың тәртібін жазып, арнайы орын белгілеп қойдық. Алдағы уақытта «Жастар практикасы» бойынша адам бөлінсе, бұл мәселені де шешемз деген ойдамыз.

Әміре ӘРІН:

– Сонда қандастарымыздың облысымызда тұрақтауға қызығушылық танытудың себебі неде екен?

Жұмағали ӘЛІБАЕВ:

–Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Жетісу жер жаннаты деп тегін айтылмаған. Көшіп келгендер түгін тартсаң майы шығатын өлкенің өзегін талдырмайтынын біледі. Өйткені, қазір келіп жатқандардың дені ауыл және мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан, облысымыздың табиғат жағдайы бұл талаптарға сай келеді. Екінші бір себеп, Қытай елімен сауда-сатық жұмысын жүргізуге қолайлы. Облысымыздың оралмандарға жасап отырған ең басты жақсы жағдайы – 2002 жылдан бері облысымызға қоныстанған қандастарымыздың тұрғын үй салуы үшін 1261 оралман отбасына 127,06 гектар жер телімі берілді. Оның ішінде тұрғын үй құрылысы бойынша 2009 жылы 86 отбасына 10,16 гектарды құрайтын жер телімі игерілді. Сонымен бірге, қазір облысымызда оралман ағайындардың 382 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Олардың шаруасын шалқыту үшін 59084, 742 гектар жер үлесі бөлінген. Сондай-ақ, білім мен медицина, ғылым мен мәдениет, өнер мен ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда мыңдаған маман жемісті еңбек етіп, ел дамуына өзіндік үлесін қосып жүр. Олардың арасында 3 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты бар. Мұнан өзге қандастарымыз 25800 бас мал ұстап, тіршіліктерін жақсартумен қатар, сүт, қымыз, ет, құрт, май өнімдерін саудалап, ұлттық тағам өндіруге де өз үлестерін қосуда. Ал еңбек жасындағы адамдар толық жұмыспен қамтылған. 17276 адам жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Сондай-ақ, облыс әкімінің 2008 жылғы 3 маусымдағы №119 қаулысы аясында жыл сайын оралмандар кеңесі өтіп, түйінді мәселелер қарастырылып тұрады.

Сонымен бірге, облыс әкімі Серік Үмбетовтің бастамасымен Республикамызда бірінші рет ашылып отырған Тіл сарайында оралман ағайындарға арнап орыс тілін үйрететін топ жұмыс істей бастады. Алдағы уақытта аудандардағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтары да осы бастаманы жалғастыру ниетінде. Бұл олардың ортаға тез бейімделуіне жағдай туғызады. Міне, осындай шаралардың нәтижесі болар, облысымызға тұрақтағысы келетін ағайындардың қатары көбейіп келеді.

Әміре ӘРІН:

– 1991 жылдан басталған ұлы көш кезіндегі саяси құғын-сүргінның салдарынан шетел асып кеткен ағайындардың ата-жұртқа оралуына орай бастау алды. Елге оралған бауырларымыз еліміздің бар аумағына қоныс теуіп, экономикамыз бен мәдениетіміздің дамуына өз үлестерін қосып жатыр. "Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұламаны" көрген қазақ халқы "Орнында бар оңалар" деген сөздің шындығына көз жеткізді. "Елге ел қосылып мәре-сәре болып жатырмыз. Қазір еліміз аман, жеріміз берік, іргеміз бүтін. Әрине, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өтпелі кезеңді бастан кешірдік. Сол кезде елге оралған ағайындар қуанышты да, қиындықты да бірге көтерісті. Облысымыздың экономикасын көтеруге бір кісідей үлес қосты. Ең бастысы, қандастарымыз Қазақстан маған не береді деп қарап отырған жоқ. Қайта мен еліме не беруім керек деген ниетпен тырысып, экономикамен мәдениетімізді өркендетуге үлес қосып жатқандарын мактаныш етеміз.

Алайда, соншама көп адаммен жұмыс істейтін департаментте жүйкені тоздыратын да жағдайлар жиі болып тұратын шығар.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ:

– Әрине, адаммен жұмыс жасаудың қиындығы бәрімізге де аныс. Әсіресе, біздің алдымызға келетіндер басқа елдің заңы және саясатымен ержеткендер. Сондықтан міндетті түрде соған қарай ынғайланатыны немесе сол елдің тәртібі негізінде ойлайтындығы белгілі. Сол үшін, мен бүгінгі орайды пайдалана отырып, шеттен келген қандастарымызға бірнеше жайды айта кеткенді жөн көрдім. Біріншіден, Қазақстан шекарасынан өткен әрбір адам бірінші ден осы елдің заңына, тәртібіне құрметпен қарауы керек. Жоғарыда айтып өткендей, қандай да бір мәселемен келген адам болса, қазір есігімізі ашық. Оларға заңдық тұрғыда жауап беру біздің міндетіміз. Алайда, біздің оралмандарда бықсық сөз көп. Немесе, келген елінің заңы мен тәртібін айтып мазаны алатындар да жетерлік. Ұлы көштің басталғанына міне, жиырма жылдай уақыт болды, Қазақстанның да өз заңы, тәртібі бар екенін түсінетін кез жетті. Енді бір жағынан, қазір бұған дейін елге оралып, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданып кетсе де, «Азаматтығы барларға да» квота беріледі екен дейтін дақпыртпен құжаттарын алмай, келген елінің төлқұжатымен жүргендерде аз емес. Кейде, осындай сұрақпен Райымбек, Алакөл сияқты шалғай елді мекендерден келіп жататындар бар. Бірден айтайық, азаматтық алған немесе азаматтығы шығып тұрғандарға квота қарастырылмайды. Бұл заң жүзінде айқындалған нәрсе. Сондай-ақ, биыл Алматы облысына «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша оралмандар қабылданбайды. Ал, «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша оралмандар қабылданып жатқан облыстарда да азаматтығы бар немесе азаматтығы шығып тұрғандар қабылданбайды. Сол үшін жоғарыдағы азаматтар азаматтығын алып, ары қарай осы елдің тұрақты тұрғыны ретінде жаңа өмір бастағаны жөн.

Сонымен бірге, қазір облыстық көші-қон департаментінде, көші-қон полициясында, әкімдікте, жеркатынастары басқармасында шет елдерден оралған 30-ға тарта азамат пен азаматша жұмыс жасайды. Алайда, қандастарымыз осы қызметкерлерге келіп, мазасын алып, жұмысын тықпалап жатпайды. Егер олар бас тартса, домалақ арыз жазатын әдет тапты. «Нұр Отан» ХДП-ның қоғамдық қабылдауына шақылайтындар да жетерлік. Осы орайды пайдалана отырып, мемлекет қызметі барлық адамға ортақ. Ол үшін туысына тартып, этикаға қайшылық жасауға болмайды. Сол үшін ағайындар да мұны түсініп, әркім өз ісін өзі ұқыптылықпен жүзеге асырса, нұр үстіне нұр болар еді. Егер департамент қызметкерлері заңды белден басып жатқан болса, нақты дәлелімен құқық қорғау органдарына жүгінсе де болады гой.

Айдын ҚӘЛІМХАН:

– Қазіргі көптеген ағайындар азаматтыққа құжаттарын тапсырғанымен, оны уақытында ала алмай жүргені бар. Қытайдан соңғы жылдары келгендердің құжаттары сол елдің тәртібіне сай жазылғандықтан, аты-жөндерінде қателік басым, көбінің құжаттарында фамилиясы көрсетілмеген. Бұл қиын мәселеге айналып барады?

Гүлшара ҚОҢЫРТАЕВА:

–Бұл туралы бізге де жиі арыз түсіп жатады. Азаматтық беру көші-қон полициясының құзырында, азаматтық алғаннан кейінгі құжаттандыру әділет басқармасының жұмысы болғандықтан біз бұған толық араласып кете алмаймыз. Десе де, құжаттандыруда ерескел жауапсыздық танытып отырған аудандарды облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов басшылық ететін оралмандар кеңесіне ұсынуды ойластырып отырмыз. Уақыты келгенде бұл мәселе оң шешімін табады деген сенімдемін.

Жұмағали ӘЛІБАЕВ:

– «Жетісу» газеті көпшіліктің тұрақты оқитын басылымы. Тұрғындардың 70 пайызы ауылда қоныстанғандықтан «Жетісу» газеті ауыл жұртының айнасы деуге болады. Кейде оралман бауырлардан «Көші-қон саласында атқарылып жатқан жұмыстар жайын «Жетісу» газетіне жазып тұрсаңыздар, біз сол арқылы біліп отырсақ», – деген ұсыныстілектер түсіп жатады. Оның үстіне, ақпарат құралдары билік пен бұқараның арасын жалғайтын көпір. Сондай-ақ, алыс ауылға қоныстанған оралмандардың жеке бастың мәселесімен қалаға келіп, кетуі де оңайға түспейді. Сондықтан осы жағдайларды сіздер арқылы тұрғындарға жеткізіп отырсақ қалай болар екен.

Әміре ӘРІН:

– «Нұрлы көш» бағдарламасының бекітіліп, іске асуына жол ашуы әрқимыл ойландыруы керек. Әрине, аз жұрт іргелі елге әсер ете алмайды. Бүгін тілінен, ділінен айырыла бастаған шет елдердегі ұрпақ ертең атажұртынан айырылып қалмасына кім кепіл. Сондықтан біз бүгінгі мүмкіндікті кеңінен пайдаланып, қаракөздерімізді оралтуға бар мүмкіндікті жасауымыз керек. Ертең кеш болады. Келешек ұрпақтың алдында кінәлі кейпіте жүреріміз анық. Кейде еврей жұртынан үйренеріміз көп деп ойлаймын. Өздері от пен судың ортасында жүрсе де, қандастарын құшақ жая қарсы алуда. Оның үстіне, жаңадан келіп қоныстанып, сініскіп кетуге оңай емес. Ал, ағайындарға айтарымыз, әлемде қазақтың жалғыз ғана Отаны бар. ол – Қазақстан. Сол үшін сіздің өркені болып, келешегін қамдауға бар қазақ тырысуы керек. Ендеше, біз мәселені шешетін құзырлы орган болмасақ та, өз тұрғымыздан ағайындардың ұсынысы мен ниетін қабылдауға қашанда дайынбыз. Осы ретте, газетте «Көші-қон бұрышы» атты жаңа айдар ашып, бірлесе жұмыс істеуді қуана қолдар едім.

Жұмағали ӘЛІБАЕВ:

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Атажұрттан алыста жүрген ағайындардың ұлттық дәстүрін ұмытпағаны біздің ұлт болып мақтан тұтатын нәрсеміз" деген бар. Бүгінгі шара ел болып топтасудың, алға басудың бастауы деп білемін.

Көші-қон бұрышы

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ КЕМДІК ЖОҚ

Соңғы кезде шеттен оралған қандастарымыз «Бұрын азаматтық алғандарға да квота беріледі екен», – дегенді естіп, алашапқын болып жүр. Осы туралы жауап алсақ оңды болар ед?

Лескен ДҮЙСЕНБАЙ.
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

Редакциямызға осы хат келіп түскен соң, Көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша көші-қон департаментінен сұрап көрген едік. Тиісті мамандардың айтуы бойынша, жаңа заңда көрсетілгендей, шет елден оралған қандастарымыз да Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін 3 жылға дейін оралман мәртебесі сақталады. Алайда, бұл оқуға түсу, үй алу, несие алу, әлеуметтік көмек алу, тағы басқа да жеңілдіктерге бағытталған. Ол квота алуға қатысты емес. Сіз азаматтық алған күннен бастап осы елдің тұрғынына толған соң заңмен белгіленген жеңілдіктерді пайдалана аласыз.

Елдің сеніміне бөленген

Біз отбасымызбен 2006 жылы ҚХР-дан атажұртқа оралған едік. Елге оралған соң тұрақты тіркеуге тұру үшін бармаған адамым, ақпаған есігім қалмады. Ал үйдің техникалық паспорты мен үй кітапшасын алуға қанша жүгірдім. Жасыратыны жоқ, кезек күтіп тұрғанымды, «ертең кел» дейтін бұйрықтан амалсыз кері қайтқанымды ұмыта алмаймын және «бүгін демалыс, аптаның төрт күні ғана жұмыс істейміз» деп жүре жауап беретін хатшы қыздың суық мысқылын көп естіп, жасып қалғаным бар.

«Квота» десе өркім біледі. Бірақ, оның қолға тиюі қанша михнат жұмыс екенін көп адам біле бермесе керек. Мен де соның бірімін. 2006 жылы наурыз айында облыстық көші-қон басқармасына құжатымды тапсырдым. Ал 2006 жылы қазан айында Астана қаласына барып, «квота берілді» деген анықтама «облыстық көші-қон басқармасына жіберілді» деген хабар алып қуанышпен ауылға оралдым. Қуанышым ұзаққа бармады, ай өтті, жыл өтті, сағындырған квота келмеді. Басқармаға барсам «компьютерде жоқ» деген жауапты естіп, амалсыз кейін қайтамын.

Міне, осылай сабылып жүріп, 2008 жылы наурызда ерлі-зайыпты Нұрболат Өбенұлы және Гүлден Бақшабекқызымен таныстым. Олар мені:

– Мың доллар берсеңіз болды, 15 күнде квотаңыз қолыңызға тиеді, – деп сендірді.

Несі бар, санап бердім. Ақша кетсе де, сабылыстан құтылайын деп ойладым.

Амал не? Алданғанымды кейін білдім. Тағы да күн артынан күн өтті. Енді делдалымды таба алмай сандалдым. Сұрастыра жүріп, олардың мекенжайын анықтап алдым да ізден барып, ақшамды қайтарып берүн өтіндім. Өкінішке орай, өзім таяққа жығылып, емделіп шықтым.

Содан кейін істің анық-қанығына жетер деген үмітпен Талдықорған қалалық ішкі істер басқармасына арыз бердім. Ондағылар бұл істі қарай алмайтынын айтып, «Сотқа арызданудың керек» деп жол көрсетті. «Көрмегенге көсеу тан» демекші, бір милиция жігіт мені Ләззат деген әйелге таныстырды.

– Қырық мың теңге беріңіз, жұмысыңызды бітіремін, – деді Ләззат сеніммен.

Беріп үйренген қол, бере салдым. Енді Ләззатты ізден сандалдым.

Ақыры алдамшылардың арбауына түсіп, мезі болған басым қайтадан жұртыма көшіп кетейін» дейтін бекімге келдім. Міне, осылай күй кешіп жүргенде, әлдебір танысым «Нұр Отан» партиясына барып көрсеңші, деп кеңес берді.

Бір күні «Нұр Отан» ХДП-ның мүшесі, аудандық мәслихаттың депутаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының төрағасы Құрманжан Ахметқалиевтің есіне қақтым. Мүмкін бұл жерден де жолым болмай қайтатын шығармын деп те ойладым. Керісінше, халық қалаулысы мені жылы пейілмен қарсы алып, жұмысымның жай-жапсарын сұрай бастады. Содан кейін мені «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалына ертіп апарып, таныстырды. Партия мүшелерінің көмегімен соттың әділ шешімі қолыма тиіп, алаяқтарға кеткен ақшам толығымен қайтарылды.

Енді «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болғаның артық» деген ниетпен атажұртта алаңсыз тірлік жасын бастадық.

Сәрсенбек БАЗАРБАЙҰЛЫ.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Есенгелді

(поэмадан үзінді)

...Ақтабан шұбырынды, ақтабан шұбырынды,
Ақ туын жығылулы, ақ туын жығылулы.
Олақ қатын тоқыған алашадай,
Өрмегінің арқауы суырылды,
Ақтабан шұбырынды, ақтабан шұбырынды...

Мұқағали МАҚАТАЕВ.



Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Алғы сөз орнына

ІНІМ ЕСКАТҚА

Жебемей қайсарлыққа әмірімді,
Жанымна жайсыз ойлар неге ілінді.
Артымнан тамандатып ертіп қойған.
Үлгерек размет, сен, інімді.
Ақшаңа тіркілгенді жиын-терсең,
Жерге тастай қоймассың сенімімді.

Өмірде жоқ өзгеше өлшем менің,
Осы ғана болмас деймін жеткен жерім.
Өзіңді сай, көзіңді ешкі алмазын,
Тегін кетпеу керек қой тіккен терім.
Үлгінің сезге алмазын ата-анаңың,
Әрине, жарасынайды текке өлеңім.

Сырласып тағдырымның назымменен,
Жатырмын күз, қыс, көктем,
жазымменен.
Күр үміт, бос қиялға ырық берміей,
Тырысып келсі, міне, әлі де мен.
Қимаса қамасын күн ерсілдігін,
Ойлының еркелігін жазып өлең.

Жанарды торлап жанға жат күйктер,
Жатса да жайсыз хабар қақтырып жер.
Жабықпын жүрегіме жылу күйып,
Жамырайды көкейде жақсы үміттер.
Мен сенімнен озып тастырмын,
Болашақта айнатт, татырып өер.

КӨШ

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ боқ келеді».
Еркіндігін енші етпен кең табиғат,
Ойлатпайды сірә да ештеңені.
Елітеді тамаша күйменен,
Дүниенің осынау кесте жері.
Ансарыңды жарады жусан иісі,
Баскаларды айтудың жоқ керегі.
Ақылдысы ауылдың арман қуып,
Өкінеді ісіне кешелері.
Ақымағы ауылдың ағат басса,
Ақылгөйі, әрине, дес береді.
Қарапайым қалпымен қара қазақ,
Талай-талай тірлікті кешкен елі.

«Ауылым көшіп барады белден асып,
Белден аскан бұлтпен араласып».
Қызығына тіршіктің қызығады,
Жаңа өмірге ынтыққан бала ғашық.
Көкейде көптен жүрген пәк сезімді,
Осы орайда, жас жігіт алады ашып.
Жас қыз бала, әрине, сыр бермейді,
Ұялдықпен сезімін ала қашып.

Жанарында жалындап күлкы, ары,
Сылдыр қағып сөлкебай шолпылары.
Өзіне тән ибасы, әдеті бар,
Жоғалмаған бойынан баз тұмары.
Жас келіншің жанына жазу күйған,
Күрсағында бір өмір бұзықпады.

Өзен бойы,
Салқын тау,
Шатқал құздар,
Жанға жылу шашады, аспанға ұғар.
Гүл даланың керемет күйменен,
Кеудеңізге тершіді кіпкен мұздар.
Көтеріліп кей-кейде жіпсігендей,
Қиялыңды құндақтап жатқан сыздар.

Әр жүректе алаулап сезім оты,
Білінеді көзінен көңіл қошы.
Түсіндіріп отыру тұрмыс жайын,
Ақ самайлы әженің өз үлесі.
Аксакалдар дәріптеп ел тарихын,
Бала жігіт ел таныр кезі де осы.

«Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына».
Өз тарихын сомдай жазған қазақ,
Өткен күнің қым-қуыт шаңдағында.
Мұндай теңдік, арлылық қайдан
болсын,
Талтамыңды жалғайтын арманына.

...Бұл не деген, тәнір-ай, ғажап деші,
Қара түнге ауысар жаннат кеші.
Елітетін жағымды күйменен,
Мазалайтын жанынды азап та осы.
Тарихтың парағын шимайлаумен,
Келе жатыр тағы бір Қазақ кеші.

Бұл көш мұлде баскадан бөтенірек,
Ауыр ойлар әр баста кеселі көп.
Кәрі бура маңқиып жүк көтеріп,
Майысады кәрі бел, жетегі жоқ.
Сорасы ағып көздердің, көңілдерден,
Қарғыс, нала, қасірет кетеді үдеп.

Ұлар-шұ боп үрген ит, аптыққан жан,
Жүректердем адыра шаттық қалған.
Қатын-қалаш, кемпір-шал, бала-шага,
Құлазыды жас келін ақтық салған.
Төрт түліктің кетіпті берекесі,
Жайлы күннің шөліне қақтыққанған.

Еркегі жоқ, о, тоба, қайда кеткен,
Әрбір бастан ақыл мен айла кеткен.
Берекесі бірліктің көрінбейді,
Тіршіліктің көшіне байлам еткен.
Саумал желі даланың желпімейді,
Жанды елітіп жататын майда леппен.

Ғажап, ғажап тірліктің сыйы детең,
Әбігер қашқан осы ма, шынымменен.
Әбігер боп жүргені әрбір адам,
Өзі тірі қалудың күйменен.
Әй, адам-ай, адам-ай, амал нешік,
Баска ауыр күн аунаса қиын екен.

Бір- біріне қуат жоқ қарасарға,
Азапты мұң анталап таласа да.
Жараласаң жарала тәнімді, тек,
Жалынына жүректің жара салма,
Жастық шағын армандап қарнялар,
Тісін қайрап келеді бала-шага.

Қалмады гой ес-ақыл ұялы елде,
Құлап жатты атаны қия жерде.
Босып кетіп барады бет-бетімен,
Пана болмай жанына туған өлке.
Жиып-терген байлығы бұт-шыт болып,
Қалып жатыр ана жер, мына жерде.

Әупілдеген қырсықтың күшігені,
Құрғыр азап бұл елдің түсі ме еді.
Даркандықты ту еткен адамдарға,
Тағдыр қалай қысымын түсіреді.
...Берекесін кетірген кайран елдің,
Кім дейсіз-ау?
Тосын тиген жонғардың қысымы еді.

Ойрандалған отты ошақ ерте-кеші,
Мұнан бетер тауқымет бар ма деші.
Ақыл табар бастағы қиғылыққа,
Адамдардың абдырап қалмады есі.
Азаматы аттанып ел қорғауға,
Ауыл жосып бараткан жағдай осы.

Кәрі тарих тыныштықтан енші алмаған,
Алдамшы жоқ, адамды сенше
алдаған.

Табанынан жанылып тағылыкпен,
Ағып шыкты аярлық канша арнадан.
Сыйлағын да келмейді-ау
тұмыр бойы,
Берекені, каймағын жау шаймаған.

Жылы жүзге калдырмай өң сүреңді,
Сенің калың мандайың тершімейді.
Бастан ұшып кеткен соң баяны жок,
Бермей-ак қой, байлыктан енші,
мейлі.
Алауыздык салмасаң ар-намыска,
Сенің жаның, әйтеуір, көншімейді.

Құлашы ашык әлемнің кең, жетеді,
Барлығын да жер-бесік тербетеді.
Қырыстырып қойып-ақ адамдарды,
Қызық көріп тұрмасаң нең кетеді.
Бүгін шауып кетсең сен ұялы елді,
Ертең оның ұрпағы еркетеді.

Астан- кестен өйрандап асқақ арды,
Сенің жолың кекпенен қасқаланды.
Қос жанарға өштіктен қан ұялап,
Қатігез қыш жібердің жас табанды.
Қара жердің қойнауын канға бояп,
Ертең олар шаппай ма баскаларды.

Болжай алар кешінде кім алысын,
Аспайды екен дәуірден күлкі күшін.
Қазіргінің қарасак көзіменен,
Қасіреттің қайнаған қазаны.
Қатак көрген мұнына, надасына,
Сен, сен, тарих, сен тарих кінәлісің.

Қорлығы жоқ, ешкімге зорлығы да,
Кең пейілін сыйлайтын жолдығына.
Күншіл емес басканың бақытына,
Қалай құдың қисынсыз жолды мына.
Қатігездік қылышын сен ұстаттың,
Сол қазақтың момакан, арлы ұлына.

Орнамайтын жағымды қылыкка шык,
Қыздар күліп, жігіттер ыскласын.
Қазтай калкып жүретін кең далада,
Кете алмайтын, әрине, қызық қашып.
Быт-шыт етіп сол дархан көңілдерді,
Берекесін кетірдің бұзып-шашып.

Малынатын қыршын жан нәр үніне,
Сен қалдырған іздердің тәлімі ме?
Қазекеннің көретін азап, мұңы,
Қалмаған ба, қарашы, әлі күнге.
Қасіретін көңілге ұялатып,
Ауыл жосып келеді тағы, міне.

Ауыл жосып барады аймағымен,
Белгі қалмай баягы сайран күннен.
Нұға кіріп жоғалып кетіп жатыр,
Қозы-лақ, тай-тайынша, тайлағымен.
Ақка боян барады жердің бетін,
Құрт, ірімшік, саумал, шұбат,
қаймағымен.

Анталаған ауыр мұң зар ұшында,
Шыбын жанның күйімен алысуда.
Қорған болмай өлкенің тау, орманы,
Пана болмай когасы, камысы да.
Көлбең какқан қашкындық қасіреті,
Әрбір баска мұң болып жабысуда.

Зар, кейістік торлаған талгар ойды,
Жапшып жатыр қасірет занғар бойды.
Жабығудың күйменен үміт сөніп,
Жолортада күйресін арман, мейлі.
Қасіреті ме, бұл көштің қасиеті ме?
Бір көкөрді ілеспі калмай койды.

Шама да жоқ артына карайлауға,
Мұндай шақта болмайды аялдау да.
Кемпір мен шал жабысып кәрі бозға,
Өксіп, шұбат келеді жаяу бала.
Бебеулетіп өз жанын толтақ қысып,
Әрең шыдап келеді ауылы ана.

Не шапшайды, көкбөрі, не калмайды,
Жас аналан жанарын бір алмайды.
Толтақ қысып жас ана шырылдаса,
Бір орында тағат қып тұра алмайды.
Көшке мұлдем жалгасты ілесуге,
Толгасты ана шамасы келмей калды.

Аулақ калған адыра айла-шарғы,
Еркін елге бұл күнді кайдан салды.
Елагасы Қайып би
Көшпілікке:
–Тоқта, кауым, тоқта! – деп
айкай салды.
Бір жаңа өмір дүниеге келе жатыр,
Пейілімнен, берекен кайда калды.

Алдыңғы мен кейінгі ел бәрі тынсын,
Айылдары аттардың ағытылсын.
Ауыса да әрине, басымыздан,
Бұл тірліктің тыныштық,
тақыты шын.
Біздің бұлай сабылып жүргеніміз,
Бізден сонғы ұрпақтың бақыты үшін.

Осы көрген қасірет неге татыр,
Арынды арман азапты жеңеді акыр.
Кегін алып атаның, жоғын жоктар,
Неге дана болмасын, неге батыр.
Сыйынындар, тәнірге сыйынындар,
Жалынды өмір дүниеге келе жатыр.

Бұл өмірдің тартуы сорға баспа,
Иә, тәнірім жолдарын оңға баста.
Токта кауым, жүк түсір, от жағылдар,
Мейлі тірлік бір сүркей жолға бакса.
Біздің өмір күл болып кетсе дағы,
Жас тірлікті бола ма қорғамаска.

Торласа да, осынау шакта мұндар,
Әлі алда атаның ақ таңын бар.
Қасиетін қазақтың сақтай алсаң,
Қайырымсыз қылыктан сактанындар.

Қатын-калаш, кемпір-шал, бала-шага,
Құрал іздеп, ақтық сәбилулы.
Ақ жайнамаз, ырым алқалы топ,
Қуат тілеп тәубеден басын ілді.
Бісміллә хи рахман рахим.
Әлхамдулилләһи раббил аламин, әр
рахыман рахим, малики яумидин
яканнағбуду жан пастағи, ыһдина
сиратал. мұстақим а сиратал лазина
энғамта ғалайһим ғайрул магдуби
алайһим уалә зәлли. Амин.
Құл қуалла ғады, аллаһу сәмәлі,
дәмәлулу, ұғ юлады, ұлам якун ла
ьукуфлаһи ғала
Жанын желп манмен
шуақты үміт,
Сан түрлі оқ ғарда тұр аптығып
Шарасыздық мін өртесе де,
Көпке деген ін қуат қылып.
Алда атына ек арнап жатты,
Ақсақалдар ар жылап тұрып,

– Жаппар на неміз қанатын кең,
Бізді өзің ал п жаратып ең.
Неге осынш кабат мұң
сыйладың,
Бастау алар ыны қара түннен.
Тіршілік мұнш атын ауырлығын,
Қалтыладағ ықтын баласыма ем.

Қалың қайғ лі-ау жүрегімді,
Бұл қырсық айына күле кірді.
Кам-қайыс ту болмады гой,
Құрып қалғ стыкқан қу өмірді.
Қарға-құзғы қалған кәрі тәнді,
Мұжыр ма ет пен күс сүйегімді.

Даркандықпе ылған керегесі,
Тыныштықт ында екен берекесі.
Керегарлық ген карсы алады,
Қырсығы жо ларды кенет осы.
Елге тірек б ын батырлардың,
Қалды екеуі алада өлексесі.

Көремісің кел жас-селімді,
Жақсы күнді аныма жат көрінді.
Осы жаңа т ын қанатына ал,
Қорғамасаң ездма басқа өмірді.
Соларға тәні ған бұл даланың,
Бізден соңғы ұл, так, сенімі.

Салмақ салғ ар күн парау жүртқа,
Малынса дәу ген жанар шыққа.
Мәнін толғ түбегей әрбір істің,
Жараспайт жол беру сарандыкка.
Келе жатқ мын бір хабаршының,
Жақсылыкпа, ндары
жамандық па?

Қарсы алаың ғайым қырлар асса,
Көңіл шыш бір ртке құрғамас па?
Не кормеен к тан мына өмірде,
Оны лағық ғаты сорға басса.
Берекесіздік май бейбіт елдің,
Иә, тәнірм бәрі де оңға баста.
Салауын ауда ара рақымың!
Ұмтамыл уат мұқримың.
Би рахмәтік әһ рахам рахимин.
Аллаһу Акпар.

Барлық жан әрекет жоқ,
тынып калған,
Кек, мұз ағалар қиықтардан.
Тымық жер, тымық аспан,
тымық дала,
Қалыпты тыныс ірлік,
тынып бар ман.
Қайып би қос ң есін әрең жайды,
Жүгінің отыр ынан ұйып калған.

Күйіне калып сің кара мына,
Жылытты бар ектікті жанарына.
–"Берік бол", ейтін тілек үнсіз ғана,
Жүректерден ке таралуда.
Ел ішінде ғы
Жеруйык бесік ың аралында.

Алауыз, ақымақтық ескіртті,
Тастапты бей- ерекет көп қылықты.
Бірлік – дейтін бір күштің жетегінде,
Қалың ел енді ғана, ес жиыпты.
Алып-қашпа ктар адыра қап,
Жан сауға жетелейді көпшілікті.

Әр баста алуан қиял жүріп ереп,
Габыскан ыпымақтың көзіменен.
Салқынын балғын жанға ұялатса,
Қиын-ақ ку тірліктің сызы деген.
Қатарға қосылыңыз қару алып,
Кемпір-шал,бала-шага, қызыменен.

Ойнаған ойда жалын, жүз алауы,
Жастықтың көрінбейді мұз аланы.
Хабаршы ел шеңбе ленипті,
Бұл кезде кім тағат кып тұра алады.
Иә, тәнір жақсылық па, жамандық па?
Әрине, келе жатқан ді адамы.

Болса екен деп бағы үстем, жолы сылы,
Жақсы үміт, тілек, шаттық
қонырсыды.
Қасіреті ме жаралы қауымының,
Қасиеті ме даланың тобылғылы.
Қайып билің алдына келді дағы,
Хабаршы тізе бүгіп, қолын сүйді.

– Сүйінші, ақыл ойым, дана халқым,
Көтерген қасіетін қара пардың.
Батырларың жеңіспен келе жатыр,
Ауыл жұлып шыканды жаралардың.
Бұл жолы бар ағамға ерлік бітті,
Тілеуі балаларымен аталардың.

Кескілескен майданда қарасатты,
Қорлаптардың дошпанға "Алаш" атты.
Қайбан өткен күш-қуат кім біледі,
Жабы жылқың майданда аласатты.
Бірі – оңға, оны жүзге төтен берді,
Бұлыс деген бір ер ең парасатты.

Ойран болып дүшпанның ойға калды,
Жеңіліп,жетімсіреп сорлап ары.
Қорған қолды сауымың қасиетін,
Қорған қолды қалың ел қаланды.
Тон ішінде тыныштық жүрген ұлыс,
Жонғарлардың сұлуын олжалады.

Өркенді өмір қарсы алар өсер елді,
Аулақ кеті бұл шақтың кеселдері.
Жүректерін жібітіп шалкар сезім,
Ұрпағының Ұлы күнде десі өрлеуді.
Туларының қызамай шашақтары,
Кеткендер бір қаман-есен келді.

Ашы күнің өзінде жабыққан көп,
Сығалады ұя ұясы жабықтан кеп.
Қуанды ма, ойлама көңілі бос па?
Жылап кеткі қария, қарыққан көп.
Өз тілебін Қайып би жайып салды,
Хабаршыға қарағып айтқан бол:

– Рахмет, ұрпағым, өрелі естім,
Отыр едім өтінде кәп елестіп.
Астына тағ қанатын қауымына,
Тигізбесін ендікпен күйелеш күн.
Сендердің ке үдесін үстем,
Бірақ,
Қасиеттің бастағы ен емессің.

Жанарымда келіпсің үш ғаламың,
Жайна, жайна, жамыра күн-решім.
Картайғанда көріпті көретұғын,
Осы болғы қалың ел тірі менің.
Көкбөркі артынан қалмай жүрген,
Жас сезімдей бір сәрсы түйіп едім.

Жерге тастап дертпесің тілетімді,
Ел ағасымен ерлетіп, бұл елінді.
Құлазыма қуанышқалың елдің,
Сен өмірге келгенше, күле кірді.
Сен ақылды болмыта құқығың жоқ,
Бір түрлі ауыр төрткүл тұр жүрегімді.

Өлкенді өмір қарсы алар өсер елді,
Орта жолда оярап боп кеселдері.
Әлі сенің жанарға қауымының,
Әлі сенің атыңмен аст өрлейді.
Қайып би аза айтып айкайлады,
Сенің атың.
Есенгелді, Есенгелді, Есенгелді.

◈ КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

Баланы ата-әженің бауырына салу деген үрдіс қазақта ежелден бар. Мұны үлкендер: «Бірінші бала – Алланікі, екіншісі – атаңдікі, үшінші ғана өзіңдікі», – деген тәмсілмен түсіндіреді. Баланы басқаның бауырына салудың екінші бір түрі – нәресте сүймеген ағайынның көңілін аулау ниетінде бауыр ету сәбиін туысына беру. Екеуінде де бауырласу мен екпе қатар жүреді.



Өз балаң өзгеге тәрбиесін

немесе баланы басқаның бауырына салған дұрыс па?

Гүлжан ТҰРСЫН,
"Жетісу"

Өзімдікі деп «жекешелендіріп» алған ата-әже немерегеәкешешесі ақыл айтып, ұрса бастаса ертоқымын бауырына алып ашуланады. «Есейе кеде бұзықтықты қойып кетеді. Бала өзімдікі, ауыздарыңды ашпандар. Көзінің тірісінде қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқтырмаймын. Мен кеткен соң өздерің білерсіндер не істесеңдер де»,–деп кемсенделп, келін мен ұлды көз жасымен қорқытатын қарияларды да кездестіреміз. Бала есті болып ессе, есейген соң еркелітістайды. Ал ақымақ болса, қорғаушыға арқаланған балақай әке-шешесіне: «Кердіндер ме, маған сөйлеуге, ақыл айтуға ешкімнің қақысы жоқ», – деп есептенеді. Ал күндердің күнінде дәтүзы тәусілып, қартпар көз жұмғанда жанағы еркетотай өз бетімен бір басын алып жүре алмай, әкешешеге бағынғысы келмей, басын тауға да, тасқа да соғады. Бұл, әрине, ата-ана үшін қасірет.

Негізінен қариялардан дұрыс тәлім-тәрбие алғандардың көпшілігі, шіркін-ай, баласы жақсы қандай-ды дегізеді. Ол бөлісте түспей, атаны– ата, әкені – әке деп өскен ұрпақ. Яғни, отбасындағы әр адам өз міндетіне ғана жауапты. Ондай ұл-қыздың бойынан үлкеннен тәрбие алғаны байқалып тұрады. Қарттармен қос қолдап амандасып, кіммен болса да жатсынбай, емен-жарқын сөйлесіп, хал сұрасып, жөн білетіндігін көрсетіп жатады. Тектілікті сырт көзбірден байқап, "мына балақай үлкендерден тәрбие алған-ау", – деп ризашылық білдіріп жатады. Бұл, әрине, есті қариядан тәрбие алғанұрпақ. Оның бойынан ата мен әжеден сіңген мейірім есіп тұрады. Бір кезде бүкіл ауыл-аймақ бір ғана қарияның сөзіне құлақ асып, қысылтаяң шақта сол кісінің жолымен жүрген. Абыз қарттар өмірлік тәжірибесі арқылы көпке жөн сілтеп отырған. Бүгінде жастарымыз қарттарымыздан осындай тәрбие алып жүр ме? Кемпір-шалдың баласымын дегізіп алып, әкешешенің атын ататып, керек болса боқтатып қоятындар да бар. Тағы бір сорақысы, «бата бер» десең екі сөздің басын құрай алмайтын аталардың да бары рас. Олардан тәрбие алған ұрпақ не оңбақ. Ондайларда ұрпағым ұлағатты болсыншы деген ниет те болмас. Есейгенде сол бала шешесін анам деп айта алмай, анасы баласын жанботам деп еркелете алмай жатбауыр болып кететін жайттар да кездесіп жатады. Бұл да – дерт.

АЛЛАНЫҢ ІСІН АДАМ ЖӨНДЕМЕС

Талғат, 30 жаста:

– Мен әке-шешемнен бөлек өстім. Олар мені бес бауырымнан айырып, бала көтермеген туыстарына берген. Өз әке-шешем момын, жақсы адамдар. Тәрбиелі отбасы. Балаларының бірекебірлігі де жақсы. Мен оларға қарап қызығамын. Сол отбасында өспегеніме налимын. Кіріп, араласып та кете алмаймын. Көңілімде бір кірбің, өкпе бар. Асырап алған ата-анамның мен дегенде жаны бөлек еді. Сүрінсем де жандарын шүберекке түйетін. Жыласам, олар менен бетер егілетін. Көздерінен таса болсам екеуі екі бұрышта шоқиып отырып, қайғы жұта бастайды. Қай күні бізді тастап, туған ата-анасына кетіп қалады деген үрей тұратын жүректерінде. Қарттайған шағымызда бөтендігін жасап, қарамай кете ме деген де күмәндері байқалатын. Басымызға белгітас орнатылмай қала ма деп те қорқатын. Оның бәрін түйсігіммен сезініп өстім. Сондықтан да есейген шақта сөндерді далада тастамаймын дегенді ісіммен дәлелдеуге тырысатынмын. Өз өмірімнің астан-кестең болған кездерін ойлап, тегінде басқаға бала берген дұрыс емес дер едім. Құдайдың салғанына көну керек. Алланың ісін адам жөндемес болар.

Асырап алған ата-анамды жақсы көретінмін. Бірақ, екеуінің қылығы үшін ұялып, дос-жарандарымнан қысылып өстім. Екеуі де ішетін. Шешем араққа тойып алса көшені басына көтеріп Талғатым, Талғатым деп айқайлап жүретін. Үйге әкеліп төсекке жатқызып қойғанда да Талғатым, жаным, құлыным, жалғызым деп сөйлеп жатып ұйықтайтын. Олар мені қанша жақсы көрсе де сәбисіз жүрген кездегі қиялданған, ішкен әдеттерін тастамады. Есейіп қалғанда сыныптас қыздардың алдында ұялатынмын. Ішкен адам өзіне қайбір қарасын. Шешемнің үсті-басы өрім-өрім болып жүре беретін. Бірақ, марқұм ақкөңіл еді. Құмалақ ашатын, қазақи ем-дом жасайтын. Жалғызым, жарығым, деп бетімнен қақпай өсірді. Соңдықтан да өжет, етім тірі болып ержеттім. Мектепте жақсы оқып, қатарластарымның алды болып, бизнес аштым. Кейіннен әскерден келгенде өз әке-шешем келіп, құлшып, шыңдықтың беті ашылып, беріміз араласа бастадық. Туған әкешешеме етім үйренген соң ренішімді ай айтатын болдым. «Бес баланды ұрғанша мені асырай алмайсың» деп ойладың ба? Жоқ, маған бір табақ көже табылмай қалған ма еді сол үйден. Мені мына ішкіштерге неге бердің?», – деп налитынмын. Баса балаларыс сияқты емес, ойымды оларың көңіліне қарамай айта саламын. Жатбауыр болып өскендіктен бе, рәсімін қалады-ау деп ойламаппын. Кейінен өзім әке болғанда бала сөзіне ата-анаға қалай ауыр тиетінін байқадым. Ұл-қызың беттен алса жүрегіне сұқұндай болады екенсің. Ең соңында өзімнің отбасым бар. Асырап алған ата-анам қайтыс болған. Ал аналарға барғым келмейді. Кейде бір ағайынды бола тұрып жалғызсырайымын.

«Тел өскен тел ағайынның дәнекері» десе де бала көңілінде ең жаққа да тағдырыңмен ойнап, далаға тастап кеткендей реніш тұрады екен. Туған отбасым қанша тартса да, бір кезде басқаға берсалғансың дар деп, көмектерінен де бас тартамын. Үйіріме қосыла алмай қойдым. Жатбауыр болып кеткен деген осы болады екен.

АНАМА СЫН КӨЗБЕН ҚАРАЙМЫН

Ерлан, 21 жаста:

– Мені туғанда анам студент екен. Төрт айлығымда емшектен айырып мені суалтып, оқуына кетіпті. Апам балқаймақ беріп бағыпты. Кәдімгі шикі сүттің бетін қалқып, соны қайнатып беріп өсірген ғой. Мен балпаңақтай болып домаланып жүретінмін. Күтімімнің бағымсынын жақсы болғандығынан болар құлап қалсам домаланып, өздігімнен тұра алмайтынмын. Апам үйдегілердің барлығымен мен үшін реңкісіп қалатын. Келіндерін де, қыздарын да маған қарсы сөйлетпейтін. Мені «Алтын бас» деп еркелетті. Анам соңғы курсқа барғанда ес біліп қалғанмын. Оның өзімнің шешем екенін біліп жүрдім. Апамның кезін ала бере мені бауырына басатын. Құшақтап, кеудесіне қысады. Оған мен де еркелегім келіп жақындасам, апамнан сескенің, «әрі күр» деп қақылайды. Сондайда жасып қаламын да оны жек көріп кетемін. Бір күні нағашы ағам еркесіне: «Еркелегісі келіп тұр гой, құшақтасаңшы», – дегені. Шешем не істерін білмей қалды. Ұялып, қызарып та кетті. Бір күні ол тағы оқуына аттанатын болды. Мен амалсыздан қалып барамын. Ішім алайдүлей. Қимайын. Сол кеткеннен жарты жылдан соң бір-ақ келеді. Апамдар бара жатқан анамның соңынан күннің аязына қарамай жалаңаяқ, жалаңбас жүгірдім. Құып жеттім де: «Сен байқап жүр, қалада машина көп, «КамАз» қағып кетпесін», – дегенім бар. Анам солқылдап жылап жіберді. Басымнан сипап, құшағына қысты да, тез-тез басып кете барды. Оның сыртынан қарап тұрып, қос иығы селкілдеп еңіліп бара жатқанын байқадым. Бүгінде анаммен бірге тұрамын. Апам сияқты оған сын көзбен қарап, мін тағып жүремін. Кемшілігі болса айтып тастаймын. Ал оның бауырында өскен екінші бауырым мен сияқты емес. Айтқанынан шықпайды. Қарсы сөйлемейді де. Ерекелеу жағынан маған қарағанда батыл. «Мама, бетімнен сүйші. Анашым, менің туған күніме не әпересің», – деп еркінси сөйлейді. Алып бөтен бала сияқтымын. Мен сыйлық сұрасам, неге мен сұған сыйлық әперуім керек деп айтып тастайтындай, бата алмаймын. «Ата-ананың махаббатын сезбеген бала «қалтақ» деген осы да.

Кейде әке-шешеме қарап отырып: «Осылар мені жақсы көре ме екен?"– деген де ой келеді. Өйтеуір, бір салқындық лебі бар. Ол үйдегілермен сөзім жараспаса апама кетіп қаламын. «Тапқан емес, баққан – анан»,– дегендей, апаммен рахаттанып, ашық-жарқын, бүкпесіз сөйлесемін. Апам менің көңіл-күйімді, маған не керегін бірден байқайды. "Ата-ананды ренжіттіе, ақымақтық жасама", – деп ақыл қосады.

Облыстық АХАЖ бөлімінен алынған мәлімет бойынша 2008 жылы – 392, ал 2009 жылы –410 бала асырап алу дерегі тіркелген.

Талдықорған қаласы бойынша 2008 жылы – 59, ал 2009-жылы– 75 бала басқа жанұяның тәрбиесіне берілген.

Анар ДӘУЛЕТБАҚОВА, психолог:

– Ата-әженің немерелеріне бауырына салуы – бұл бір басқа әңгіме. Ал баланы ағайынның, нағашының бауырына салып беру мүлде басқа мәселе. Екі ортада қалған баланың жан азабына түсетін кездері жиі кездеседі. Тегінде шама келсе адам тағдырын басқаның шешпегені дұрыс. Ол зат емес. Мал емес. Бердің болды сіңісіп кетеді дейтін. Қаны, тегі басқа адам екінші біреудің тәлім-тәрбиесіне көнбей, нұсқаған бағытына қарай жүрмей қоюы мүмкін. Керегар көзқарас, керегар мінез , керегар қылық әсте қабыспай да қояды. Алатын жақ та, беретін жақ та бала ерженен соң мәселені айтып түсіндіруге саналы түрде дайын болу керек.

Талғат СТАМШАЛОВ, Талдықорған қаласындағы «Нұр» мешітінің наиб имамы:

– Шариғатта баланы асырап алуға қарсылық айтылмайды. Ұл ақсап жүрген бауырға ұл немесе қызым болса деген ағайынға қыз бергенінің еш айыбы жоқ. Қазақ бұрыннан да ата-анасының туыстарын кіші әке, дау әке деп тұған әке орнына санаған. Ал әпкесі анасының орнына саналған. Баланы асырап алған адам ол ержеткенде шын тегі кім екенін бүкпесіз айтуы тиіс. Ал ата-анасы қалған сәбиді бауырға басу, қамқорлық көрсету, демеп-жебеп жүру – сауабы шаш етекten келетін іс. Ол туралы хадисте «Жетімнің басын сипасаң, әр тал шашынан сауап жазылады» делінген.

«Бала–адамның бауыр еті»,– деіді. Бірақ, "Балпеспей бері жеңбе»,– дейтін қазақтың лебі бар. Ол үйдегілермен сөзім жараспаса апама кетіп қаламын. «Тапқан емес, баққан – анан»,– дегендей, апаммен рахаттанып, ашық-жарқын, бүкпесіз сөйлесемін. Апам менің көңіл-күйімді, маған не керегін бірден байқайды. "Ата-ананды ренжіттіе, ақымақтық жасама", – деп ақыл қосады.

Облыстық АХАЖ бөлімінен алынған мәлімет бойынша 2008 жылы – 392, ал 2009 жылы –410 бала асырап алу дерегі тіркелген.

Талдықорған қаласы бойынша 2008 жылы – 59, ал 2009-жылы– 75 бала басқа жанұяның тәрбиесіне берілген.

Анар ДӘУЛЕТБАҚОВА, психолог:

– Ата-әженің немерелеріне бауырына салуы – бұл бір басқа әңгіме. Ал баланы ағайынның, нағашының бауырына салып беру мүлде басқа мәселе. Екі ортада қалған баланың жан азабына түсетін кездері жиі кездеседі. Тегінде шама келсе адам тағдырын басқаның шешпегені дұрыс. Ол зат емес. Мал емес. Бердің болды сіңісіп кетеді дейтін. Қаны, тегі басқа адам екінші біреудің тәлім-тәрбиесіне көнбей, нұсқаған бағытына қарай жүрмей қоюы мүмкін. Керегар көзқарас, керегар мінез , керегар қылық әсте қабыспай да қояды. Алатын жақ та, беретін жақ та бала ерженен соң мәселені айтып түсіндіруге саналы түрде дайын болу керек.

Талғат СТАМШАЛОВ, Талдықорған қаласындағы «Нұр» мешітінің наиб имамы:

– Шариғатта баланы асырап алуға қарсылық айтылмайды. Ұл ақсап жүрген бауырға ұл немесе қызым болса деген ағайынға қыз бергенінің еш айыбы жоқ. Қазақ бұрыннан да ата-анасының туыстарын кіші әке, дау әке деп тұған әке орнына санаған. Ал әпкесі анасының орнына саналған. Баланы асырап алған адам ол ержеткенде шын тегі кім екенін бүкпесіз айтуы тиіс. Ал ата-анасы қалған сәбиді бауырға басу, қамқорлық көрсету, демеп-жебеп жүру – сауабы шаш етекten келетін іс. Ол туралы хадисте «Жетімнің басын сипасаң, әр тал шашынан сауап жазылады» делінген.

Тұйін

«Бала–адамның бауыр еті»,– деіді. Бірақ, "Балпеспей бері жеңбе»,– дейтін қазақтың лебі бар. Ол үйдегілермен сөзім жараспаса апама кетіп қаламын. «Тапқан емес, баққан – анан»,– дегендей, апаммен рахаттанып, ашық-жарқын, бүкпесіз сөйлесемін. Апам менің көңіл-күйімді, маған не керегін бірден байқайды. "Ата-ананды ренжіттіе, ақымақтық жасама", – деп ақыл қосады.

Облыстық АХАЖ бөлімінен алынған мәлімет бойынша 2008 жылы – 392, ал 2009 жылы –410 бала асырап алу дерегі тіркелген.

Талдықорған қаласы бойынша 2008 жылы – 59, ал 2009-жылы– 75 бала басқа жанұяның тәрбиесіне берілген.

Анар ДӘУЛЕТБАҚОВА, психолог:

– Ата-әженің немерелеріне бауырына салуы – бұл бір басқа әңгіме. Ал баланы ағайынның, нағашының бауырына салып беру мүлде басқа мәселе. Екі ортада қалған баланың жан азабына түсетін кездері жиі кездеседі. Тегінде шама келсе адам тағдырын басқаның шешпегені дұрыс. Ол зат емес. Мал емес. Бердің болды сіңісіп кетеді дейтін. Қаны, тегі басқа адам екінші біреудің тәлім-тәрбиесіне көнбей, нұсқаған бағытына қарай жүрмей қоюы мүмкін. Керегар көзқарас, керегар мінез , керегар қылық әсте қабыспай да қояды. Алатын жақ та, беретін жақ та бала ерженен соң мәселені айтып түсіндіруге саналы түрде дайын болу керек.

Талғат СТАМШАЛОВ, Талдықорған қаласындағы «Нұр» мешітінің наиб имамы:

– Шариғатта баланы асырап алуға қарсылық айтылмайды. Ұл ақсап жүрген бауырға ұл немесе қызым болса деген ағайынға қыз бергенінің еш айыбы жоқ. Қазақ бұрыннан да ата-анасының туыстарын кіші әке, дау әке деп тұған әке орнына санаған. Ал әпкесі анасының орнына саналған. Баланы асырап алған адам ол ержеткенде шын тегі кім екенін бүкпесіз айтуы тиіс. Ал ата-анасы қалған сәбиді бауырға басу, қамқорлық көрсету, демеп-жебеп жүру – сауабы шаш етекten келетін іс. Ол туралы хадисте «Жетімнің басын сипасаң, әр тал шашынан сауап жазылады» делінген.

Тұйін

«Бала–адамның бауыр еті»,– деіді. Бірақ, "Балпеспей бері жеңбе»,– дейтін қазақтың лебі бар. Ол үйдегілермен сөзім жараспаса апама кетіп қаламын. «Тапқан емес, баққан – анан»,– дегендей, апаммен рахаттанып, ашық-жарқын, бүкпесіз сөйлесемін. Апам менің көңіл-күйімді, маған не керегін бірден байқайды. "Ата-ананды ренжіттіе, ақымақтық жасама", – деп ақыл қосады.

Облыстық АХАЖ бөлімінен алынған мәлімет бойынша 2008 жылы – 392, ал 2009 жылы –410 бала асырап алу дерегі тіркелген.

Талдықорған қаласы бойынша 2008 жылы – 59, ал 2009-жылы– 75 бала басқа жанұяның тәрбиесіне берілген.

Анар ДӘУЛЕТБАҚОВА, психолог:

*– Ата-әженің немерелеріне бауырына салуы – бұл бір басқа әңгіме. Ал баланы ағайынның, нағашының бауырына салып беру мүлде басқа мәселе. Екі ортада қалған баланың жан азабына түсетін кездері жиі кездеседі. Тегінде шама келсе адам тағдырын басқаның шешпегені дұрыс. Ол зат емес. Мал емес. Бердің болды сіңісіп кете



Толе би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі білін түрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз құған бәлеге жолығады,
Жол құған олжаға жолығады.

Н. НАЗАРБАЕВ:

«Қалай болғанда бүкіл әлем бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігі бағытына бет алды! Бұл – біздер үшін жақсы жаңалық».

АРДАГЕР

№8(38)

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

Бейсенбі, 22 сәуір, 2010 жыл

Өз қолыңда мұратың



Өмір – елең,
Мәлдіреген жыр екен.
Өмір – өнер,
Мың бұралған би екен.
Өмір – ғажап,
Жан тербеген күй екен.
Өмір – қымбат,
Адамзатқа сый екен.
Өмір – сенді,
Сұлулыққа бастаған.
Өмір – мәнді,
Тамылжыған асқақ ән.
Өмір – арман,
Армандымп жан аңсаған.
Өмір – сүю,
Ғашық болған қанша жан?!
Өмір – күрес,
Бітпейтұғын тірлікте.
Өмір – достық,
Бастайтұғын бірлікке.
Өмір – білім,
Ілденуге тоймаған.
Өмір – ғылым,
Тылсым сырға бойлаған.
Өмір – еңбек,
Ізгілікке бастаған.
Өмір – пақтә,
Жақсылықтан қашпаған.
Өмір – дұман,
Қуанышқа оранған.
Өмір – боран,
Ызғарлы қар бораған.
Өмір – тәтті,
Шекерменен бал қосқан.
Өмір – ғашық,
Өлеңешіп қолдасқан.
Өмір – ерлік,
Ұрпақтарға жалғасқан.
Өмір – тарлық,
Бір-бірімен арбасқан.
Өмір – ұрпақ,
Мерейінді тасытқан.
Өмір – қайғы,
Көңілінді жасытқан.
Өмір – бақыт,
Атқан таңдай арайлы.
Өмір – талап,
Талпындырған талайды.
Өмір – тоқтық,
Тоятатқан адамды.
Өмір – жоқтық,
Жалаңдатқан жаманды.
Өмір – дәулет,
Еңбегінмен жинаған.
Өмір – құрмет,
Бір-бірінді сыйлаған.
Өмір – үлгі,
Тағылым боп қалатын.
Өмір – тарих,
Қажетіңді табатын.
Өмір – зейнет,
Рахатқа малатын.
Өмір – бейнет,
Тыныштығыңды алатын.
Өмір – алтын,
Өз бағаңнан аумаған.
Өмір – биік,
Жанарыңды жаулаған.
Өмір – егей,
Өкпеңді баспайды.
Өмір – толқын,
Пақтырып тастайды.
Өмір – қатал,
Алданбайды арыңе.
Өмір – ортақ,
Адамзаттың берінде.
Өмір – жүйрік,
Жеткізбейтін құр атың.
Өмір – адам,
Өз қолында мұратың.

Жұмабек ШОРМАНОВ,
еңбек ардагері,
Еңбекшіқазақ ауданының
Құрметті азаматы.

МЕНІҢ АРДАГЕР АТАЛАРЫМ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Ендігі бірер айдан кейін аты аңызға айналған Ұлы Жеңіске 65 жыл толады. Өкінішке орай, Отан соғысына қатысқан көптеген қазыналы қарияларымыз бүгінде осы мерекені көре алмайды. Менің де атам тірі болғанда осы мерекені қарсы алар еді-ау. Атам Ысқақбаев Берлікожа 1940 жылы әскерге шақырылып, 1941 жылы Великие Лукиде майданға кіреді. 1943 жылы ауыр жарақат алып, III топтағы мүгедек болып елге оралады. Атамның кеудесінде I-II-III дәрежелі Отан соғысы ордендері және көптеген медальдары болған. Елге оралған соң да ауыл шаруашылығында еңбек етті. Атамның ағасы Ысқақбаев Берсүгір атам да Ұлы Отан соғысына және фин, жапон соғысына қатысып, елге аман оралғаннан кейін ауылда көп еңбек етіп кайтыс болыпты. Нағашы атам Сергазыұлы Бабаш атам да Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол кісі де соғыстан аман-есен келіп, аудандық тұтынушылар қоғамында көп жыл қызмет істеген. Ол атамның да орден-медальдары көп болатын. Оның әкесі Сергазы атам да майданда болып, Ленинград түбінде ерлікпен қаза тапқан. Сүйегі сол жақта жерленіпті. Бес жыл бойы жалғасқан бұл соғыста ерлік көрсеткен аталарымыздың ерен істерін біз ешқашан жадымыздан шығармаймыз. Ардагер аталарымыздың ерлігі тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін еңбек еткен жастар санасына күш-жігер және өшпес өнеге береді деп ойлаймын. Отбасымыздан төрт адам Отан соғысына қатысып, оның екеуі елге аман-есен оралған жауынгер аталарымды мақтан етемін.

Мен дүниеге келгенде нағашыларым батыр атамыз Бауыржан Момышұлының есімін қойыпты. Бауыржан атадай ер мінезді, қайсар қазақ халқының батыры болып өсін деген болар. Мен де батыр атама ұқсауға тырысамын.

Бабаларымыз өсиет еткен, аталарымыз бен ағаларымыз жанын қиып қорғап өткен қасиетті жеріміздің, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етіп, өз үлесімізді қосып, күресеміз. Дүйім елді дүр сілкіндіріп, қаншама қайғы-қасіретпен келген Ұлы Жеңісіміз баянды болсын. Балғын балалық шағымызда ата аналарымызбен бірге шаттыққа бөленейік.

Бауыржан БЕРЛІҚОЖА,
қазақ-түрік лицейінің
7-сынып оқушысы.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

ӘКЕ ЕРЛІГІ ӨНЕГЕ

Ата-ананың көпшілікке үлгі болар жақсы ісін мақтаныш ету ұрпақ үшін табиғи жарасымды құбылыс. Ал, енді соғыста елі үшін, жері үшін мұз жастанып, қар кешкен Ұлы Отан соғысының жауынгері болса, ондай әкенің баласы бүгінгідей Ұлы Жеңістің 65 жылдық торқалы тойы салтанатпен атап өтілетін қарсаңда қалай үнсіз қалсын.

Өйткені, сол жарты әлемге қаңды қасірет әкелген сұм соғыс қаншама қазақ отбасына қайғы сыйлап, қаншама шаңырақтың отын өшірді. Дерексіз, атаусыз кеткені қаншама. Осы күнге дейін іштей шерменде күй кешіп, әкесін, бауырын жоқтаған адамдар да аз емес. Жеңіс тойының қарсаңында соғысқа қатысқан, тылда еңбек еткен жақындарына лайықты құрмет көрсетілсе дейтіндердің де тілегі жөн.

Сондықтан Жаркент өңіріндегі Н. Головацкий атындағы орта мектептің алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі, запастағы офицер Серік Қарабалаевтың әкесі Қадырдің бүкіл өмір жолын өзінше қағазға хаттап бізге әкеліп, газетке жазуымызды өтінген ұсынысын орынды тілек деп түсіндік. –Байтақ даламызды бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған ата-бабаларымыз ерліктің де, елдіктің де үлгісін көрсете білді, – дептіі Серік хатының бастамасында. Сондай рухы биік, тұғыры мықты азамат, жазиралы Жаркент өңірінің түлегі, менің әкем, Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Қадыр Ізбасарұлы Қарабалаев болатын.

Бұдан әрі Серік әкесінің өмір жолына тоқталады. Осыдан түп тура жүз жыл бұрын 10 маусымда Жаркент өңіріндегі шағын ауылда дүниеге келген Қадырдың еті тірі, жаны сергек бала болып өскенін оның 1924-1928 жылдары Октябрь ауылында бастауыш мектепті өте жақсы тамамдап, ел ішінде ұжымдастыру жұмыстарында белсенділік танытқанынан, 1931 – 1933 жылдары Орынбор қаласындағы Сталин атындағы рабфакта оқып білімін жоғарылатқанынан аңғару қиын емес.

Ол Жаркент аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарып жүрген 1941 жылы соғысқа аттанады. Майдандағы өмірін Орта Азия әскери округіне қарасты 13 жеке зениттік батальонының взвод командирі болып бастайды. Қадыр Қарабалаев Воронеж майданындағы шайқастарда ерлік көрсетеді. Украина жерінде Харьков қаласын жаудан азат ету үшін болған ұрыста ауыр жарақаттанып, оң жақ кеудесінен тип, өкпе, бауырын зақымдап, төрт қабырғасын сындырып кеткен жау оғы оны ұш ай бойы госпитал төсегінде жатып емделуге мәжбүрлейді.

Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысқан рота командирі, капитан Қадыр Қарабалаев 1945 жылы желтоқсан айында Түркістан әскери округі бастығының бұйрығымен әскери қызметтен босатылып, туған жерге оралады. Ол майданда жүргенде ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», «Жеңіс» ордендерімен және бірнеше медальмен марапатталған.

Майдангер соғыстан кейінгі жылдарда Жаркент өңіріндегі Куйбышев, Дмитров атындағы және «Красный Восток» ұжымдық шаруашылықтарының басқарма төрағасы қызметтерін абыроймен атқарып, халықты күйзелтіп кеткен ауыр соғыстан кейінгі ел тұрмысын түзеуге ерен еңбек сіңірді. Соғыс мүгедегі зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін шаруашылық жұмыстарынан қол үзген жоқ. Ол әйелі Батиха екеуі Мәлік, Серік, Ерлік есімді үш ұл, Гүлнар атты бір қыз баланы өмірге әкеліп, оларды үлгілі етіп тәрбиелеп өсірді. Барлық балалары жоғары білім алды.

Кеше ғана көрген түстей елес берген әкеміздің жарқын бейнесі ұрпақтарының көкейінде сайрап тұр, – дейді, ардагердің ортаншы ұлы Серік. Ұлағатты шаңырақтан шыққан өнегелі ұрпақ ата-ана салған ізбен, өмір ағынымен күн кешудеміз. Әкеміздің артынан ерген үш ұл, бір қызынан қазіргі кезде 11 немересі. 16 шөбересі оның соғыстағы ерліктерін мақтанышпен еске алады. Ұрпаққа ұлағат осылай берілер болар.

Уақыт көші жылдам, аптаны айға, айды жылға жалғап өмір легі өтіп жатыр. Соғыс және еңбек ардагері Қадыр Қарабалаев 1978 жылы бұл дүниеден өтсе де, ардақты әке, құрметті азаматтың орнын жоқтатпас, жапырағы жайнаған бәйтеректей оның ұрпақтары қанат жайып өсіп келеді. Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесі тұсында ол өмір сүрген Басқұншы ауылындағы бір көшені ардагер атымен атау үшін ауыл азаматтары құжаттар әзірлеуде. Ерлік елге өнеге деген осы болар.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.



ҚАРИЯҒА ҚОЛ ҰШЫН БЕРДІ

Қамқорлық

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының бастамасымен қолға алынған «Ардагерлерді ардақтайық» атты бағдарлама аясында Көксу ауданының «Жас Отан» жастар қанаты Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне көмек көрсетуде.



Мәселен, жастарымыз Балпық би кентінің еңбек ардагері Раиса Сабырова апайдың аласына ағаш егіп, тазалау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, Лабасы ауылдық округіне қарасты Талапты, Мәмбет ауылдарында 5 мыңға жуық ағаш екті

- Аппақ арларына қылшықтай кірбің келтірмеген, жан дүниелерін бұлақ суындай таза ұстаған, тыныштық үшін жан-тәнімен аянбай күрескен ата-аналарымызға үлкен рахметімізді айтып, әрқашан қол ұшын беруге дайынбыз, - дейді аудандық «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Динара Бәзілова.

Ақбөпе ЖИЕНҚҰЛОВА.
КӨКСУ АУДАНЫ.

МЕРЕКЕЛІ ЖЫЛДЫҢ МЕРЕЙІ

Биыл екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 65 жыл толады. Біз сияқты от пен оқтың арасынан аман оралғандар қатары тіпті сиреді. Қазір бүкіл ауданбойынша 61 адам қалыпты. Жеңіс мейрамына оның қаншасы жетерін бір Алла білді.

Күні кешегі Жолдауында Елбасымыз соғыс ардагерлері мен мүгедектерге бюджеттен бір жолғы көмек ретінде 65 мың теңге төленетінін мәлімдеді. Бұдан басқа да жеңілдіктер қарастырылып жатыр ғой, шүкір, ризамыз. Біз енді тек қана жеріміз аман, еліміз тыныш болсын деп тілейміз. Тарихқа көз жүгіртсеңіздер, алпыс бес жыл бейбіт тұру деген кез-келген ел үшін зор бақыт. Қазақстан өз тәуелсіздігін осы бейбіт өмірдің арқасында иеленді, осы тыныштықтың арқасында дамып отыр. Кейінгі ұрпақ мұны терең сезінуі керек.

Жоқшылықтың, соғыстың, ашаршылықтың не екенін бізден ұрпақ біледі. Тағдыр оны кейінгі ұрпаққа көрсетпесін. Қай кезде де Отанды шексіз сүю керек. Дағдарыс пен тұрмыстың кейбір қиындығына қола без біреулерге сырттай көжин, қоғамның кейбір келеңсіздігін биліктің басында жүргендерден көретіндер бар. Солар осы Жолдауға тереңірек үңілсе, талай нәрсеге көз жеткізетін шығар деп ойлаймын.

Молдақас АРҒЫНБАЕВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

ЖАҢАҚҰРЫЛЫС АУЫЛЫ,
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

СЫРЛЫ ЖЕҢГЕ, СҰЛУ ҚЫЗ

Бастама

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің экономика, бухгалтер, есеп және аудит факультетінің оқытушысы Шолпан Өскенбаеваның тамаша бастамалары колледж, тілпі, университет тарапынан жоғары бағаланып келеді.



Жуырда ол қазақ қыздарының өнегелі істерін дәріптеп, студенттердің эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған «Қыздар-ай» клубын құрды. Бұл бастаманы колледж директоры А. Мұхамедиева қуана құптап, ақыл-кеңесін қосса, аталған университеттің кәсіподақ ұйымының төрағасы Бақыт Есімқұлов жанжақты қолдау көрсетті. Нәтижесінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің мәжіліс залында «Сырлы жеңге, сұлу қыз» байқауы жоғары деңгейде өтті. Оған университет және колледждің құндізгі бөлімінде оқитын студент қыздар мен олардың жеңгесінен құрылған жеті жұп сынға түсіп, өнерлерін ортаға салды.

«Өзін таныстыру», «Өнерпаздың өрісі кең», «Халқын сүйген – салтын сүйер», «Білгенге маржан», «Гүл әссе, жердің көркі, қыз әссе, елдің көркі», «Шебердің қолы ортақ» сияқты бес кезеңнен тұратын шарага қатысушылар жақсы дайындықпен келген. Көрермендер жеңге мен қайынсіңілі ортасындағы сыйластық пен сыпайылықтың куәсі бола отырып, халқымыздың бай да мағыналы салт-дәстүріне деген терең түсінік қалыптастырды. Әсіресе, ЖМУ колледжінің қаржы кафедрасының атынан сайысқа түскен Айым Сейдахметованың жеңгесі Раушан Молдақұловаңың білімділігі, имандылығы, қазақ халқының салт-дәстүрін жетік білетіндігі жастарға үлгі болса, ЖМУ-нің педагогика және психология факультетінің «Үкілам» тобының өнері көпшіліктің қызығушылығын еселей түсті.

Әрине, байқауға қатысқан жеті жұптың да өнері бір-бірінен кем түспеді. Десе де, басеке болған соң оның жеңімпазының болатыны анық. Нәтижесінде, барлық сыннан сүрінбей өткен ЖМУ педагогика және психология факультетінің «Үкілам» жұбы бас жүлдені жеңіп алып, «Қыздар-ай» күбогының алғашқы иегері атанса, ЖМУ колледжінің қаржы кафедрасының «Көгілдір» жұбы бірінші орынды қанжығасына байлады.

Байқауды қорытындылаған ұйымдастырушылар мұндай шараның алдағы уақытта басқа тақырыптармен жалғасатынын, «Қыздар-ай» күбогының бірден-бірге ауысып отыратынын тілге тиек ете келіп, оны өңіріміздегі маңызды шаралардың бірне айналдыруды мақсат ететіндіктерін жеткізді.

Қажет АНДАС.
Суретті түсірген
Дұман АЛТЫНБЕКҰЛЫ.

Байланыс телефондары (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 24-33-02; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86.